

2016 жылға субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінім беру мерзімдерін айқындау туралы

Мерзімі біткен

Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 17 қазандағы № 271 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 27 қазанда № 3870 болып тіркелді. 2017 жылдың 1 қантарына дейін қолданыста болды

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығымен бекітілген Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өндеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларының 10 тармағына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11094 тіркелген), Кентау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қосымшаға сәйкес 2016 жылы Кентау қаласы бойынша басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өндеп өсіру шығындарының құнына субсидиялар алуға арналған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері тізіміне қосу үшін өтінімді ұсыну мерзімдері айқындалсын.

2. "Кентау қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіpte:

1) осы қаулыны Кентау қаласы аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын:

2) осы қаулыны Кентау қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Н.Ташимовке жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2016 жылдың 20 қазанынан туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Кентау қаласы әкімдігінің
2016 жылғы 17 қазандагы
№ 271 қаулысына қосымша

2016 жылға субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнына және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өндеп өсіру шығындарының құнына субсидиялар алуға арналған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тізіміне қосу үшін өтінімді ұсыну мерзімдері

№	Басымды ауыл шаруашылығы дақылдарының атаяу	Өтінімді қабылдау мерзімдері
1.	Дәндік жүгери	2016 жылдың 20 қазанынан 30 қарашасына дейін
2.	Майлы дақылдар (мақсары, күнбағыс)	2016 жылдың 20 қазанынан 30 қарашасына дейін
3.	Мақта	2016 жылдың 20 қазанынан 30 қарашасына дейін
4.	оның ішінде: өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйелерін, өнеркәсіптік үлгідегі спринклерлік суару жүйелерін қолдана отырып өсірілген мақта	2016 жылдың 20 қазанынан 30 қарашасына дейін
5.	Картоп	2016 жылдың 20 қазанынан 30 қарашасына дейін
6.	Ашық топырақтағы көкөніс және бақша дақылдары	2016 жылдың 20 қазанынан 30 қарашасына дейін
6.1	Өнеркәсіп үлгідегі тамшылатып суғару әдісін қолдана отырып өсірген көкөніс және бақша дақылдары	2016 жылдың 20 қазанынан 30 қарашасына дейін
7.	Бірінші жыл егілген жем шөптік көп жылдық дақылдар	2016 жылдың 20 қазанынан 30 қарашасына дейін
8.	Өнеркәсіптік үлгідегі жылышайлардағы қорғалған топырақ көкөністері	2016 жылдың 20 қазанынан 30 қарашасына дейін
9.	Фермерлік жылышайлардағы қорғалған топырақ көкөністері	2016 жылдың 20 қазанынан 30 қарашасына дейін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК